



«АККРЕДИТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

КЕРІ БАЙЛАНЫС ШЕҢБЕРІНДЕ АРТА САРАПШЫЛАРЫНА САУАЛ ЖҮРГІЗУ МОНИТОРИНГІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Астана 2017

Кері байланыс шеңберінде АРТА сарапшыларына сауал жүргізілген болатын, оның мақсаты жақсартуды талап ететін позицияларды анықтау, аккредиттеу рәсімін ұйымдастырудың және өткізудің деңгейін бағалау арқылы аккредиттеу рәсімдерінің сапасын жетілдіру болды.

Сауалдың нәтижелері талдамалық анықтама түрінде қалыптастырылды, онымен төмендегі сілтеме бойынша танысуға болады:

<http://www.iaar.kz/ru/about-ru/otchety-naar/analiticheskie-otchety>

Сарапшыларға сауалдың нәтижелері бойынша қорытындылар:

- АРТА-ның нормативтік құжаттары халықаралық сапа стандарттарымен үйлестірілген және мүдделі тұлғалардың күтулеріне жауап береді. АРТА-ның білім беру ұйымдарын сыртқы бағалау рәсімдерінің барлық регламенттері ұсынылатын қызметтердің сапасы мен ұсыныстарды барабар және объективті бағалауға мүмкіндік береді. Сарапшылардың көпшілігінде регламенттейтін құжаттардың сапасын жақсарту бойынша елеулі ұсыныстар туындаған жоқ. Респонденттердің пікірі бойынша, стандарттарда өлшемшарттардың санын қысқарту, аккредиттеу кезінде сапарлардың мерзімдерін арттыру, ССК есептерінің көлемін азайту, сарапшылардың біліктілігін арттыру жөніндегі семинарларды ұйымдастыру осы рәсімді тек жетілдіруге мүмкіндік береді.
- Сарапшылардың көпшілігі еңбекақы төлеу, сапарлар мен семинарларды ұйымдастыру бойынша жасалған жағдайларға оң баға береді. Осы мәселе бойынша АРТА-ның жұмысын теріс бағалаған респонденттердің тарапынан нақты ұсыныстар алынған жоқ.
- Қызметкерлердің қызметін сарапшылардың бағалау нәтижелері негізінде АРТА персоналы құзыреттілік пен объективтілік таныта отырып, сарапшылардың тарапынан сұрау салуларға жедел ден қояды деген қорытынды жасауға болады. Осының бәрі АРТА сарапшыларының кәсібилігі туралы куәландырады.

Шешу жолдары Сарапшыларға жүргізілген сұраудың нәтижелері бойынша қорытындының негізінде:

- I. институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарында өлшемшарттардың мазмұны мен санын қайта қарау;
- II. ССК сапарларын ұйымдастыру кезінде білім беру бағдарламаларының санын ескеру және қажет болғанда сапардың мерзімін арттыру;

III. әрбір білім беру ұйымының және білім беру бағдарламасының бірегейлігін ескере отырып, семинарларда АРТА стандарттарының өлшемшарттарын және ССК есептерінің мазмұны мен құрылымы бойынша талаптарын егжей-тегжейлі түсіндіру;

IV. АРТА сарапшылары мен қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша семинарлар ұйымдастыру қажет.

Қабылданған шаралар

Сарапшыларға жүргізілген сұраудың нәтижелері бойынша талдаудың негізінде мынадай шаралар қабылданды:

I. Сарапшылар қоғамдастығының және барлық стейкхолдерлердің ұсынымдарын ескере отырып, ЖОО және медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық және мамандандырылған аккредитеу стандарттарына өзгерістер енгізілді.

- Директордың 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №67-16-1-ОД бұйрығымен жаңартулар, өзгертілеген нормативтік құқықтық актілер бөлігінде, Агенттіктің медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық және мамандандырылған аккредитеу стандарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмыс тобы құрылды.

Жұмыс тобына:

- 1) 2016 жылғы 19 желтоқсанға дейін медициналық білім беру саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарды зерделеу;
- 2) 2017 жылғы 31 қаңтарға дейін медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық және мамандандырылған аккредитеу стандарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

- Директордың 2017 жылғы 13 қаңтардағы №2-17-1-ОД бұйрығымен жоғары оқу орындарында сапаны бағалау өлшемшарттарын қайта қарау жөніндегі жұмыс тобы құрылды.

Жұмыс тобына:

- 1) 2017 жылғы 16-17 қаңтарда Жұмыс тобының отырысын өткізу және жоғары оқу орындарын институционалдық және мамандандырылған аккредитеу стандарттарына өзгерістер енгізу;
- 2) талқылау және ұсынымдар үшін жоғары білім бойынша сарапшылар кеңесінің мүшелеріне өлшемшарттарды жолдау;
- 3) 2017 жылғы 15 ақпанға дейін жоғары оқу орындарын институционалдық және мамандандырылған аккредитеу нұсқауларына өзгерістер енгізу;

- 4) 2017 жылғы 25 ақпанға дейін жоғары оқу орындарын институционалдық және мамандандырылған аккредитеу стандарттарын және нұсқауларын зияткерлік меншік туралы куәліктер алу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдау тапсырылды.

II. ESG-2015 және АРТА-ның ішкі нормативтік қжаттарына сәйкес ССК сапарының мерзімі бағдарламалардың санына қарай 3-4 күнді құрайды.

III, IV. Білім беру ұйымын және/немесе білім беру бағдарламасын сапалы бағалуды жүргізу үшін Агенттік сарапшыларды даярлауға және қайта даярлауға ерекше көңіл бөледі. Семинар-тренингтерде ССК ұсынымдарын, есептерінің құрылым мен мазмұнын қалыптастыру практикасы бойынша оқыту өткізіледі.

Оқыту семинарлары:

1) 2016 жылғы 28-29 қаңтарда (Алматы қ.) С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ базасында ДМБФ (Дүниежүзілік Медициналық білім Федерациясы) бас кеңесшісі профессор Samuel John Leinster (Ұлыбритания) қатысумен «ЖОО-дан кейінгі медициналық білім бойынша ұлттық сарапшыларды даярлау» тақырыбында;

2) 2016 жылғы 27 сәуірде (Алматы қ.) және 2016 жылғы 5 мамырда (Астана қ.) сарапшы-студенттер үшін;

3) 2016 жылғы 7 қазанда (Астана қ.) «Жаһандық шақырулар және Қазақстандағы тәуелсіз аккредитеудің болашағы» тақырыбындағы АРТА-ның халықаралық конференциясының шеңберінде АРТА сарапшылары үшін;

4) облыстық білім басқармаларымен бірлесіп (Алматы қ., 2016 жылғы 6 сәуірде, Павлодар облысы 2016 жылғы 26 қазанда, Жамбыл облысы 2016 жылғы 8 қарашада, Оңтүстік Қазақстан облысы 2016 жылғы 10 қарашада, Алматы облысы 2016 жылғы 8 желтоқсанда), техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшылары мен инженерлік-педагогикалық қызметкерлері үшін;

5) «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, 2016 жылғы 9 қарашада (Тараз қ.), 2016 жылғы 11 қарашада (Шымкент қ.), 2016 жылғы 7 желтоқсанда (Талдықорған қ.) жұмыс берушілер үшін;

6) 2017 жылғы 19 қаңтарда ENQA директоры Maria Kelo қатысумен Сыртқы сарапшылар комиссияларының (ССК) төрағалары мен АРТА-ның I санаттағы сарапшылары үшін олардың кәсіби дамуы шеңберінде өткізілді.